



Ақтөбе



Презентация жоспары:

1. Жалпы ақпараттар; Жер аумағы; орналасуы, құрамы.
2. Табиғаты мен климаттық жағдайы.
3. Халқы, саны, құрамы.
4. Пайдалы қазбалары.
5. Су ресурстары.
6. Жалпы экономикалық көрсеткіштер.
7. Экономикасы, кәсіпорындары, шаруашылығы.
8. Мәдениеті, білім беру мекемелері.
9. 2015 жылғы қаңтар-тамызда Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары





Ақтөбе облысы – Қазақстан Республикасының солтүстік – шығысында орналасқан әкімшілік бірлік. Әкімшілік орталығы – Ақтөбе қаласы. Батыс Қазақстан экономикалық ауданына кіреді.

Жер аумағы – 300 629 шаршы шақырым. Әкімшілік – аумақтық бөлінісі 12 ауданнан, 141 ауылдық округтардан тұрады. Облыс аумағында 8 қала, 410 ауыл орналасқан.

(Аудандары: Әйтекеби, Алға, Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Хобда, Мартук, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Хромтау, Шалқар) Солтүстігінде – РФ, Орынбор облысымен; Оңтүстігінде – Өзбекстан құрамындағы, Қарақалпақстанмен; Батысында – Маңғыстау, Атырау, БҚО; Шығысында – Қостанай облысымен; Оңт – шығысында – Қызылорда облысымен шектесіп жатыр.



Орналасқан жердің рельефі – **жазықтық**, аумақтың көп бөлігі **қыратты-ойлы жазықтық** болып келеді.


Солтүстігінде **Орал тауларының** жалғасы орналасқан.

Ортасында **Мұғалжар таулары (657 м)** созылып жатыр.

Батыс жағында солтүстік-батыстағы **Каспий маңы ойпатына** өтетін **Оралтауасты үстірті** орналасқан.

Оңтүстік-шығысында – дөңесті құм алаптары: **Арал маңының Қарақұмы**, **Үлкен Борсық пен Кіші Борсық**.

Солтүстік-шығысында – **Торғай үстірті**.




Облыста жапырақты және қайың тоғайлары, бұталар мен сексеуілді өсімдік толы орман жазықтықтары, солтүстікте кең ақселеу және жусанды дала кеңістіктері, оңтүстігінде шөлейтті және шөл далалары бар.

Облыстың солтүстік батыс бөлігі – ақ селеу - әр түрлі шөпті және жусанды-дәнді шөптерге толы сортаң дақтары бар ашық-сарғылт топырақты дала.

Орталық және солтүстік-шығыс бөліктері ашық-сарғылт және бозғылт топырақты дәнді шөпті-шөлейт дала болып келеді.


Оңтүстікте жусанды-сортаң шөлдер мен қоңыр сортаң аралас құм мен сортаң алаптары орналасқан.

Аймақтың климаты қатал континентальды болып келеді. Қаңтар айының орташа температурасы -15 тен -16 C° арасында, шілде айының орташа температурасы



Халық саны (2014 ж.): 808 932 адам.

Қазақтар: 655 241 адам	Немістер: 5 651 адам	Белорусьтер: 1 257 адам
Орыстар: 101 417 адам	Кәрістер: 1 474 адам	Өзбектер: 1 220 адам
Украиндер: 23 515 адам	Молдавандар: 1 425 адам	Әзербайжандар: 1 130 адам
Татарлар: 9 545 адам	Шешендер: 1 298 адам	Қалғаны: 5 910 адам



Ақтөбе облысы біріңғай ресурстар кешеніне ие.

Негізгі пайдалы қазбалар: хром, мұнай, мұнайға ілеспе газ, газ конденсаты, никель (55), мрамор, асбест, көмір (1,4), титан (40), мырыш (4,7.), мыс(3,6), алюминий (2), фосфор (34), гипс, әктас т.б.

Ақтөбе облысы хром қоры бойынша әлемде 1 – орынды (**Хромтау (400 млн. тонна), Кемпірсай рудалық аймағы**) және ҚР никель мен кобальт өндіруші (**Кемпірсай**) жалғыз облыс болып табылады.

Ақтөбе облысының территориясында, яғни, Мұғалжар, Темір және Байғанин ауданында ҚР барланған қорлардың 10 пайызы мен болжамдық қордың 30 пайызы шоғырланған.

Қарғалы ауданында облыс қажеттілігін қамтамасыз ететін **көмір** өндіріледі.

Ақтөбе облысының пайдалы қазбаларының барланған қоры – **Мұғалжар 18 пайыз, Хромтау 24 пайыз, Ақтөбе қаласы 21 пайыз.**

Көмірсутеткті қазбалардың қоры:

1. **Мұнай** – 243,6 млн тонна;
2. **Газ** – 144,9 млрд метр куб;
3. **Газ конденсаты** – 22,7 млрд метр куб.



Ақтөбе облысының басты өзендері – **Сағыз (510км), Хобда, Ембі (712 км), Елек (612 км).**

Сонымен қатар облыс аумағында ірі өзендердің салалары бар – **Торғай (825 км), Ойыл (800 км), Жем (712 км), Ырғыз (593 км), Ор (314 км).**


Торғай өзенінен басқасы Ақтөбе облысының ортасында орналасқан **Мұғалжар** тауларынан бастау алады. Көбінесе, бұл өзендер көктемдегі еріген қардан қоректенеді. **Қарғалы** өзенінің бойында – **Қарғалы су қоймасы (22,5 шаршы шақырым)** орналасқан.

Ақтөбеде **1700** ден аса көл мен көлшіктер шоғырланған. Олардың 227 - аумағы 1 шаршы км – ден асады: **Жаркөл, Байтақкөл, Құрдым** т.б.


Жер беті суларының жалпы ауданы 280 573 га немесе облыс аумағының 0,93 % тең:

1. **Өзендер мен бұлақтар – 96 031 га;**
2. **Көлдер мен көлшіктер – 173 293 га;**
3. **Су қоймалары – 11 249 га;**

Облыс аумағында табиғи қорғалған қорықтар (немесе ғылыми – рекреациялық) қатарындағы көлдер бар, олар: Байтақкөл, Бейбікөл, Әйкөл



ЖІӨ (2015ж. қаңтар-наурыз, %)	103,5
Жұмыссыздық деңгейі (2 тоқсан, 2015ж, %)	4,7
Орташа айлық жалақы (2 тоқсан 2015 жылғы, тенге)	108 007
Инфляция (2015ж. тамыз 2015ж. шілдеге, %)	0,4
Инфляция (2015ж. тамыз 2014ж. желтоқсанға, %)	1,5



Экономикалық салалардың өсу қарқыны

(нақты көлемнің индексі, 2015 жылғы қаңтар-тамыз 2014 жылғы қаңтар-тамызға бен)

Өнеркәсіп	98,6
Ауыл шаруашылығы	100,6
Құрылыс	73,9
Сауда	102,7
Көлік	107,7
Байланыс	104,4

Ақтөбе облысы ҚР – ның ірі өнеркәсіптік аймағы болып табылады.

Экономикасының негізі – **тау – кен және химия өнеркәсібі.**

Ферроқорытпа, хром қосындылары, ауылшаруашылық машина жасау зауыттары, рентген аппаратура және т.б.

Химиялық өнеркәсіп, Жеңіл, тамақ өндірісі. Әсіресе ликёр-арақ өнімдерін өндіру дамыған.

Ақтөбе облысы — Қазақстан Республикасындағы ірі ауыл шаруашылық аймағы.

Ақтөбе [бидайы](#) жоғары құрамдағы ақуыз және ұлпасымен ерекшеленеді. Бір жылда өндірілген сүт көлемі шамамен **225,5 мың тонна, жұмыртқа — 83,8 млн дана, ет- 70,5 мың тоннаны құрайды.**

Ауыл шаруашылығымен айналысатын 4 мыңға жуық қожалықтар бар.

Ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемі **26,2 млн га**, оның ішінде мал жайылымдары **24,8 млн га**, егін алқаптары **0,8 млн га**.

- **Дәнді – дақылдар, көкөніс, жем-шөп, картоп.**

- **Ірі қара мал – 330 800 бас, қой – ешкі – 712 900 бас. шошқа – 80 000 бас.**



Ірі кәсіпорындар, компаниялар,



СНПС – Ақтөбемұнайгаз АҚ Дөң тау – кен байыту
комбинаты



АЗФ – Казхром АҚ “Ақтөберентген”
АҚ



Ақтөбе хром қосындылары зауыты АҚ

Ақтөбе әуежайы



№ 406 – ГА Ақтөбе Авиажөндеу зауыты

Ақтөбе қаласы еліміздің батыс өңірінің ірі мәдени, білім және ғылым орталығы болып саналады. Қалада 11 жоғарғы, 16 арнаулы оқу орны бар. [Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті](#), [М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина Академиясы](#), [Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесі](#) және т.б. тек қана Қазақстанға ғана емес, шетелдерге де танымал оқу орындары бар. Қалада қазақ және орыс группасы істейтін драма театры, қуыршақ театры, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Кеңестер Одағының батыры [Әлия Молдағұлова](#) атындағы мұражайы



2015 жылғы тамыздың аяғына жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 1,8 мың адамды құрады немесе экономикалық белсенді халық санына 0,4%. Жасырын жұмыссыздық деңгейі бағалау бойынша экономикалық белсенді халық санына 0,4% құрады.

Тұтыну бағаларының индексі 2015 жылғы тамызда 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 101,5% құрады. Азық-түлік тауарларына 0,7%-дан, азық-түлік емес тауарларға – 1,1%-ға, ақылы қызметтерге – 2,7%-ға бағалар артты. Өнеркәсіп өнімдеріне өндіруші кәсіпорындар бағалары 2015 жылғы тамызда 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 19%-ға төмендеді.

2015 жылғы қаңтар-тамызда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 175,5 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 36,2% аз.

Тіркелген заңды тұлғалар саны 2015 жылғы 1 қыркүйекке 14209 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 5,3% артты. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 8709 немесе тіркелгендер санына қатысты 61,3% құрады. Жұмыспен қамтылғандардың саны 100 адамнан кем заңды тұлғалардың үлесі тіркелгендердің санына 97,5% және жұмыс істеп тұрғандардың санына қатысты 96% құрады. Облыстағы шағын бизнес субъектілерінің (заңды тұлғалар) саны 11512 бірлікті құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 8,1% артты.

2015 жылғы қаңтар-тамызда бөлшек сауда көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 266,2 млрд. теңгені құрап, 2014 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 2,7% өсті.

2015 жылғы қаңтар-тамызда көтерме сауда көлемі 333,4 млрд. теңгені құрап, 2014 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 3,4% азайды.

2015 жылғы қаңтар-тамызда тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтер көлемі 6677,9 млн. теңгені құрады және 2014 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 0,2% өсті.

2015 жылғы қаңтар-шілдеде облыс бойынша өзара сауда бойынша тауар айналымы 509,1 млн. АҚШ долларын құрап, 2014 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 32,2% аз, оның ішінде экспорт – 200,4 млн. АҚШ долларын (33,9% аз), импорт – 308,7 млн. АҚШ долларын құрады (31% аз).

2015 жылғы қаңтар-тамызда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағалармен 611,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2014 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 1,4% төмен. Өңдеу өнеркәсібінде 6,7%, электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптауда 7,8% артты; сумен жабдықтауда, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау және бөлуді бақылау – 1,1%, кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда өндіріс көлемі 3,3% төмендеді.

2015 жылғы қаңтар-тамызда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметтерінің) көлемі ағымдағы бағалармен 72,5 млрд. теңгені құрап, 2014 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 0,6% көбейді.

2015 жылғы қаңтар-тамызда жүк айналымының көлемі 3744,2 млн. ткм (коммерциялық жүк тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің жүк айналымы көлемінің бағалауы есебімен) құрап, 2014 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,6% өсті. Жолаушылар айналымының көлемі 9172,3 млн. жкм құрап, 2,2% артты.

Дайындаған: Абекенов Мақсат
ЗМЖБ – 3
Пән: Кәсіпорын
экономикасы
Тақырыбы: “Ақтөбе облысы”

